



**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау
департаменті туралы ережені бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 маусым N 1006.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1780 қаулысымен. ~P971780

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының жүйесін
реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы
Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377

U973377_

Жарлығына
(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды
қадағалау департаменті туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 23 маусымдағы
N 1006 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Сақтандыруды қадағалау департаменті (Қаржыминінің
Сақтандыруқадағалауы департаменті) туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті (бұдан әрі - Департамент) сақтандыру қызметіне қадағалауды, сақтандыру туралы заңдардың орындалуына бақылауды жүзеге асыратын және сақтанушылардың, сақтандырушылардың және сақтандыру қатынастарынан туындайтын өзге де адамдардың заңды құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

2. Өз қызметінде Департамент Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітеді. Департамент аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Департамент заңды тұлға болып табылады, оның банктерде шоттары, бланктері және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Департаменттің міндеттері

5. Департаменттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды жүзеге асыру;

сақтандыру қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты жасауға белгіленген тәртіппен қатысу;

сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және іске асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстанның сақтандыру ұйымдарының басқа елдердің сақтандыру компанияларымен халықаралық ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдесу.

III. Департаменттің функциялары

6. Алға қойылған міндеттерге сәйкес Департамент мыналарды жүзеге асырады:

сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беру;
сақтандырушыларды есепке алу, олардың бірлестіктері мен сақтандыру делдалдарының тізілімін жүргізу;
сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығының қамтамасыз етілуіне

бақылау

жасау ;

сақтандырушылардың жеке қаражаты мен олар қабылдаған міндеттемелер арасындағы сәйкестік нормативтерінің сақталуына бақылау жасау;

заңды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыру туралы заңдардың талаптарын орындауына бақылау жасау;

сақтандырушылар қолданатын сақтандыру шарттары мазмұнының заң талаптарына сай болуына бақылау жасау;

Қазақстан Республикасы заңдарының оның аумағында шетелдік сақтандыру компанияларының сақтандырушы ретіндегі қызметіне жол бермеу туралы талабының орындалуына бақылау жасау;

сақтандыру қызметі практикасын қорыту, сақтандыру туралы заңдарды жетілдіру және республикада сақтандыру нарығын дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен ұсыну;

сақтандыру мәселелері бойынша нұсқаулықтар, ұсынымдар,

анықтамалық және өзге де материалдар шығару;

сақтандыру саласында мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар жүргізу;

азаматтар мен заңды тұлғалардың сақтандыру мәселелері жөніндегі арыздарын, ұсыныстарын, шағымдарын қарау.

IV. Департаменттің құқықтары

7. Өзіне жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды іске асыру үшін Департаменттің мыналарға:

сақтандырушылардан сақтандыру қызметі туралы белгіленген есептілікті алуға, олардың жылдық баланстарды, пайда мен зиян есептерін жариялау мерзімдерін белгілеуге;

сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңдарды орындауына тексеру жүргізуге ;

шетел қатысатын кәсіпорындарды қоса алғанда, сақтандырылушылардың міндетті сақтандыру туралы заңдарды орындауына тексеру жүргізуге;

азаматтық және сақтандыру заңдарының талаптарына қайшы келетін сақтандыру, қоса сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жарамсыз деп тану туралы соттарға талап қоюмен жүгінуге;

сақтандырушыларға, шетел қатысатын кәсіпорындарды қоса алғанда, заңды тұлғалардың басшыларына сақтандыру туралы заңдардың талаптарын сақтау не

оларды бұзушылықты жою қажеттігі туралы орындауға міндетті ұйғарымдар
б е р у г е ;

сақтандырушылар сақтандыру туралы заңдарды бұзған жағдайда сақтандыру
қызметін жүзеге асыруға құқық беретін лицензиялардың күшін уақытша
т о қ т а т у ғ а ;

қолданылып жүрген заңдарда көзделген негіздер бойынша соттарда айыппұл
салу туралы, сондай-ақ лицензияларды кері қайтарып алу туралы істер қозғауға;

сақтандыру ұйымдарына арналған кадрларды даярлау және олардың
біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды қоса алғанда,
барлық үлгідегі оқу орындарындағы сақтандыру жөніндегі оқу бағдарламаларын
әзірлеуге қатысуға құқығы бар.

V. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

8. Департаментті Қазақстан Республикасы қаржы министрінің ұсынуы
бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және
қызметтен босататын Директор басқарады.

9. Департамент директоры:

Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өз
функцияларының жүзеге асырылуына жеке жауап береді, өз орынбасарының
және құрылымдық бөлімше басшыларының тапсырылған жұмыс учаскелері үшін
жауаптылық дәрежесін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен лауазымдар
номенклатурасына сәйкес Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды
және қызметтен босатады;

Департаменттің лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттерін
айқындайтын нормативтік құжаттарды бекітеді;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығарады, барлық
сақтандырушылардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нұсқаулар
береді және олардың орындалуына тексеруді ұйымдастырады;

өз құзыретіне кіретін басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

10. Департамент директоры сенімхатсыз Департамент атынан іс-әрекет
жасайды, оның мүддесін білдіреді, шарттар (келісімдер) жасасады және өз
өкілеттігі шеңберінде өзге де әрекеттер жасайды.

11. Департамент директорының орынбасарын Департамент директорының
ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке
тағайындайды және қызметтен босатады.

12. Департаменттің лауазымды адамдарының сақтандырушылардың
коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтерді қандай да бір нысанда жария

е т у г е

қ ұ қ ы ғ ы

ж о қ .

13. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК